

Қазақстан Республикасының атом саласы үшін өндірісті жергілікті орнықтыруды дамытудың 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2026 жылғы 14 мамырдағы № 400 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 88-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының атом саласы үшін өндірісті жергілікті орнықтыруды дамытудың 2026 – 2030 жылдарға арналған кешенді жоспары (бұдан әрі – Кешенді жоспар) бекітілсін.

2. Кешенді жоспарды іске асыруға жауапты Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары мен басқа да ұйымдары (келісу бойынша):

1) Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын қамтамасыз етсін;

2) Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы ақпаратты жылына бір рет, есепті жылдан кейінгі айдың 15-і күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне (келісу бойынша) беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (келісу бойынша) жыл қорытындылары бойынша 15 ақпаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына Кешенді жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2026 жылғы 14 мамырдағы
№ 400 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының атом саласы үшін өндірісті жергілікті орнықтыруды дамытудың 2026–2030 жылдарға арналған кешенді жоспары

Төлқұжат

P/c	Атауы	Қазақстан Республикасының атом саласы үшін өндірісті жергілікті орнықтыруды дамытудың 2026–
-----	-------	---

№		2030 жылдарға арналған кешенді жоспары.
1	2	3
2	Әзірлеу үшін негіздеме	2025 жылғы 26 қыркүйектегі "Атом саласын мемлекеттік саясаттың басым бағыты ретінде дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ғылым және технологиялар жөніндегі Ұлттық кеңес отырысының № 25–01–12.1 хаттамасының 2.15–тармағы (атом жобаларын іске асыру кезінде оларда қазақстандық қамтудың барынша жоғары деңгейін қамтамасыз ету).
3	Іске асыру мерзімі	2026–2030 жылдар
4	Әзірлеуші мемлекеттік органның және бірлесіп орындаушылардың атаулары	<p>1) Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі (әзірлеуші мемлекеттік орган);</p> <p>2) Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі;</p> <p>5) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;</p> <p>6) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;</p> <p>7) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;</p> <p>8) Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі;</p> <p>9) "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;</p> <p>10) "Қазақстандық атом электр станциялары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.</p>
		<p>Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басым бағыттарының бірі – АЭС құрылысы.</p> <p>Қазақстанда АЭС салу ұлттық экономиканың дамуына серпін беретін өнеркәсіптік даму</p>

Негізгі проблемалар мен оларды шешу міндеттері көрсетілген кешенді жоспарды қабылдау қажеттілігі туралы қысқаша ақпарат

жолында маңызды қадамға айналатын стратегиялық жоба ретінде көзделеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі халыққа Жолдауында берген тапсырмаларға сәйкес қазіргі уақытта кемінде 3 АЭС іске асыру мәселелері пысықталуда.

АЭС салу жобаларын іске асыру шеңберіндегі негізгі мақсаттардың бірі – жергілікті қамту үлесін барынша қамтамасыз ету. Жергілікті орнықтыру деңгейі ел экономикасы мен өнеркәсібінің дайындығына тікелей байланысты

Отандық өндірістік базаның қазіргі жағдайында Қазақстан Республикасында жергілікті орнықтыру мүмкіндіктері 20–22 % деңгейінде бағаланады (референттік АЭС шығындар құрылымы мен техникалық параметрлерінің іріленген деректерін алдын ала талдауына сәйкес). Бұл "жаңадан АЭС салушы елдер" үшін жергілікті орнықтыру деңгейі жағынан халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді (20–25 %). Бұл ретте отандық өнеркәсіптің әлеуетін және мемлекеттік қолдаудың нысаналы шараларын іске асыруды ескере отырып, жергілікті орнықтырудың нысаналы деңгейі АЭС құрылысын аяқтау мерзіміне 30 % деңгейінде бағаланады (жергілікті орнықтырудың алдын ала сомасы 4,0–4,5 млрд АҚШ доллары деңгейінде, жобалау–сметалық құжаттаманы сараптау қорытындысы бойынша нақтыланатын болады).

Мемлекеттің отандық өнеркәсіпті дамыту бағытында жүргізіп жатқан жұмыстарын ескере отырып құрылыс материалдары мен жабдықтарын беру, құрылыс–монтаждау жұмыстарын жүргізу, қызметтер көрсету және еңбек ресурстарын тарту

шеңберінде АЭС құрылысына қатысуға қазақстандық өнеркәсіптің әлеуеті бар. Жергілікті орнықтырудың нысаналы деңгейіне жету және жобаны уақтылы іске асыру үшін ұлттық өнеркәсіптің дайындығы құрылыс–монтаждау жұмыстары басталғанға дейін қамтамасыз етілуге тиіс. Сондықтан қазақстандық кәсіпорындар атом өнеркәсібі саласындағы халықаралық стандарттарға алдын ала дайын болуы тиіс.

Бұл ретте бірқатар мәселелер шешім қабылдауды талап етеді:

- 1) АЭС үшін қажетті Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі шектелген;
- 2) қауіпсіздік пен сапаға қойылатын жоғары талаптарға байланысты кәсіпорындар мен олардың өнімдерінің ұлттық және халықаралық стандарттар мен нормаларға сәйкес келмеуі;
- 3) сапа менеджменті жүйесінің халықаралық қауіпсіздік пен сапа стандарттарына сәйкес келмеуі, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берудің барлық тізбегін қамтитын кіріс/шығыс бақылаудың ретке келтірілмеген рәсімдері;
- 4) халықаралық стандарттар бойынша қызмет көрсететін білікті кадрлардың қажеттілігі (бұл мәселенің шешімі атом саласы үшін кадрлар даярлаудың кешенді жоспарында көрініс табатын болады);
- 5) атом саласындағы жобаларды іске асыруда кәсіпорындар тәжірибесінің болмауы;
- 6) мемлекеттік қолдаудың қосымша шараларын енгізу қажеттілігі.

Кешенді жоспар аясында мынадай шаралар ретін іске асыру көзделеді:

		институционалдық және нормативтік базаны қалыптастыру; қажеттілікті анықтау және қазақстандық нарықты талдау; жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістерді ашу; цифрлық платформаларды енгізу.
--	--	--

Р/с №	Атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Қаржыландыру көлемі	Қаржыландыру көздері
-------	-------	----------------	------------------	----------------------	---------------------	----------------------

1	2	3	4	5	6	7
---	---	---	---	---	---	---

Күтілетін нәтижелер:

1) Сыртқы инженерлік және сыртқы құрылыс инфрақұрылымы объектілерін құру кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуда жергілікті орнықтыру деңгейін 50 % қол жеткізу: шамамен 50–70 млн АҚШ доллары сомасына қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді беру (жобалау–сметалық құжаттаманы сараптау қорытындысы бойынша нақтыланатын болады), оның ішінде көлемі шамамен 6,0 мың тонна материалдар (қиыршық тас, құм, цемент, арматура және т.б.);

кем дегенде 10 (он) қазақстандық бизнес субъектілерін тарту (барлық өнім беру тізбегіне кіріктірілген тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді берушілер).

2) МАГАТЭ талаптарын қоса алғанда, ұлттық және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің тізілімін қалыптастыру:

АЭС құрылысы жобаларында жергілікті орнықтыру деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік базаны қабылдау;

қазақстандық өндірістердің даму бағыттарын анықтау;

АЭС құрылысы жобаларын іске асыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің тізілімін жүргізу бойынша ақпараттық жүйені енгізу.

3) Өндірістік базаны дамыту:

өнімнің жаңа түрлерін игеру және технологиялар трансфері (Қазақстан Республикасында өнеркәсіптік өндірістер болмаған жағдайда);

өнеркәсіпке 100–200 млн АҚШ долларына инвестициялар тарту (есептік көрсеткіш өнеркәсіп жобаларын іске асыру шеңберінде нақтыланатын болады).

I бағыт. Институционалдық және нормативтік базаны қалыптастыру

1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағында атом электр станциясын	Үкіметаралық келісім	2026 жылдың 4–тоқсаны	АЭА, ӨҚМ, СИМ, СИМ, ҚАЭС (келісу бойынша), Атамекен"	" талап етілмейді	
----	--	----------------------	-----------------------	--	-------------------	--

	салу жобасы бойынша ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімге қол қою			ҰКП (келісу бойынша)		талап етілмейді
2.	А Э С құрылысы жобаларында жергілікті орнықтыру деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық түзетулерді қабылдау	Қазақстан Республикасының Заңы	2026 жылдың 4-тоқсаны	АЭА, ҰЭМ, ҚМ, ӨҚМ, ЖИЦДМ, ҚАЭС (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
3.	А Э С құрылысы жобаларында жергілікті орнықтыру деңгейін қамтамасыз ету бойынша қабылданған заңнамалық түзетулерді іске асыру үшін қажетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау	А Э А бұйрықтары	2027 жылдың 1-тоқсаны	АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
4.	Қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілерден басым сатып алуды қамтамасыз ете отырып, А Э С құрылысы үшін тауарларды, жұмыстар мен	Е Р С келісімшарты	2027 жылдың 4-тоқсаны	АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша)	талап етілмейді	

	көрсетілетін қызметтерді берушілерден сатып алу бөлігінде ЕРС келісімшарты вендорымен келісу					талап етілмейді
5.	АЭС құрылысына қатысатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілерге қойылатын талаптарды (с а п а менеджменті жүйесін және ISO 9001, ISO 19443 халықаралық стандарттары н, МАГАТЭ талаптарын, еңбекті қорғауды және өндірістік қауіпсіздікті басқару; өнім берушілердің материалдық, техникалық, кадрлық ресурстарының , тәжірибесінің болуы және т.б. қатысты деректерінің дұрыстығына аудит жүргізу бойынша талаптарды ескере отырып) анықтау	АЭА бұйрығы	2027 жылдың 1-тоқсаны	АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	" талап етілмейді	талап етілмейді
	АЭС жобалау мен салуды және өндірісті жергілікті					

6.	орнықтыруды қамтамасыз етуге (оның ішінде АЭС-те негізгі өлшемдерді метрологиялық қамтамасыз ету үшін) атом энергетика саласындағы ұлттық стандарттарды әзірлеу	Т Р М К бұйрығы	2027 жылдың 4-тоқсаны	СИМ, АЭА, ҰЭМ, ҚАЗЭС (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	бөлінген қаражат шеңберінде*	республикалық бюджет*
7.	МАГАТЭ бағдарламалары мен іс-шараларына қатысу, соның ішінде миссиялар, оқыту және техникалық жобалар, халықаралық бағалау мен сараптамалық сапарлар қорытындылары бойынша, соның ішінде халықаралық жобалардағы жергілікті орнықтыру тәжірибесі мәселелері жөніндегі ұсынымдарды орындау (консультациялар, сессиялар)	Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат	2027–2028 жылдардың 1-4-тоқсаны	АЭА, СИМ, СИМ, ҚАЗЭС (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
8.	Жұмыс істеп тұрған және жаңа кәсіпорындар үшін қолданыстағы шараларды жетілдіру және (немесе)	НҚА	2028–2029 жылдар	АЭА, ҰЭМ, ҚМ, ӨҚМ, ЖИЦДМ, СИМ, СИМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	талап етілмейді	

	жана қолдау шараларын әзірлеу (қажет болған жағдайда)			бойынша), ҚАЭС (келісу бойынша)		талап етілмейді
II бағыт. Қажеттілікті анықтау және қазақстандық нарықты талдау						
9.	АЭС жобалау және салу үшін қажетті материалдарға, жабдықтарға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге және еңбек ресурстарына алдын ала қажеттілікті қалыптастыру (іске асыру жоспарланатын жылдар бөлінісіндегі көлемін көрсете отырып)	тізбе	2028 жылдың 4-тоқсаны	АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
	АЭС жобалау және салу кезінде қажеттілікті қамтамасыз ету үшін қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің әлеуетіне егжей-тегжейлі талдау жүргізу және әрбір кәсіпорын бойынша ұсынымдар әзірлеу, оның ішінде: атом саласының стандарттары мен			АЭА, ҚАЭС		

10.	<p>талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша; қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілерге әлеуетті қолдау шараларын көрсету бойынша; өндірілетін өнімдердің сапасын жақсарту бойынша; өндіріс көлемін ұлғайту бойынша; жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар базасында өнімнің жаңа түрлерін игеру бойынша</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат</p>	<p>2028 жылдың 4-тоқсаны</p>	<p>(келісу бойынша), ӨҚМ, СИМ, ЭМ, ЖИЦДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)</p>	<p>талап етілмейді</p>	<p>талап етілмейді</p>
11.	<p>Тиісті өнім түрлері бойынша жаңа өндіріс орындарын, (ондай өнеркәсіптік өндірістер болмаған жағдайда), мамандандырылған сервистік және инжинирингтік орталықтарды ашудың орындылығын бағалау және жаңа кәсіпорындар</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат</p>	<p>2028 жылдың 4-тоқсаны</p>	<p>АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша), ӨҚМ, СИМ, ЭМ, ЖИЦДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)</p>	<p>талап етілмейді</p>	

	а ш у бағыттарын айқындау					т а л а п етілмейді
12.	АЭС негізгі өлшемдерді метрологиялы қ жағынан қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылы м ғ а егжей–тегжей лі талдау жүргізу және өлшемдердің қамтамасыз етілмеген түрлері бойынша ж а ң а эталондар құру және өлшемдерді толық қамту және шет елдердің эталондарына н метрологиялы қ тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданыстағы эталондық базаны жаңғырту жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасы ның Үкіметі Аппаратына акпарат	2028 жылдың 4-тоқсаны	СИМ, АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	т а л а п етілмейді
13.	Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарға ж ә н е белгіленген стандарттарға сәйкес атом энергиясын пайдалану	тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді берушілердің тізілімі	2028 жылдың 4-тоқсанынан бастап тұрақты негізде	АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша)	т а л а п етілмейді	

	саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілердің тізілімін қалыптастыру					талап етілмейді
III бағыт. Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және жаңа өндірістерді ашу						
14.	Технологияларды трансферлеу және жергілікті орнықтыру үшін әлеуетті халықаралық және қазақстандық өндірушілердің тізбесін қалыптастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат	2027–2028 жылдар	АЭА, ЖИЦДМ, ӨҚМ, СИМ, ЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚАЭС (келісу бойынша)	"	талап етілмейді
15.	Атом энергиясын пайдалану саласында ОЕМ–өндірушілердің (түпнұсқа өнімді өндірушілер) және халықаралық компаниялардың (оның ішінде вендор–елдің) қатысуымен қазақстандық кәсіпорындар үшін салалық event іс–шараларды ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат	2027–2030 жылдардың 4-тоқсаны	АЭА, СИМ, ӨҚМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚАЭС (келісу бойынша)	"	талап етілмейді
16.	Өндірісті жаңғыртуды және/немесе жаңа өндірісті ашуды қамтамасыз ету үшін қазақстандық кәсіпорындар	Қазақстан Республикасы	2028–2029 жылдар	АЭА, ӨҚМ, ЭМ, ЖИЦДМ, СИМ, ҰЭМ, ҚАЭС (келісу бойынша), "	"	талап етілмейді

	ды консультациялық және ұйымдастырушылық сүйемелдеу	ның Үкіметі Аппаратына ақпарат		Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)		талап етілмейді
17.	Өнімнің жаңа түрлерін игеру және (немесе) өндіріс көлемін ұлғайту үшін өңірлік деңгейде жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар өндірістерін жаңғырту мен дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат	2029–2030 жылдар	АЭА, ӨҚМ, ЭМ, ЖИЦДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚАЭС (келісу бойынша)	кәсіпорынның қаражаты шеңберінде**	бюджеттен тыс қаражат
18.	АЭС арналған технологиялар трансфері үшін ОЕМ–өндірушілерімен және халықаралық серіктестермен бірлескен кәсіпорындар ашу	Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат	2029–2030 жылдар	АЭА, ЖИЦДМ, ӨҚМ, СИМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), ҚАЭС (келісу бойынша)	кәсіпорынның қаражаты шеңберінде**	бюджеттен тыс қаражат
19.	Мердігер мен әлеуетті өнім берушілер арасында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді кепілдендірілген сатып алу туралы шарттар (офтейк–келісімшарттар) жасасу	Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратына ақпарат	2030 жылдың 4-тоқсаны	мердігер, АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша)	талап етілмейді	талап етілмейді
	АЭС метрологиялық қамтамасыз ету үшін мемлекеттік					

20.	ғылыми метрологиялық орталық базасында зертханаларды жаңғырту және жарактандыру	пайдалануға беру актісі	2030 жылдың 4-тоқсаны	СИМ, АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша)	бөлінген қаражат шеңберінде*	республикалық бюджет*
V бағыт. Цифрлық платформаларды енгізу						
21.	АЭС құрылысы жобаларын іске асыру үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді берушілер тізілімін жүргізу бойынша ақпараттық жүйені әзірлеу және енгізу	өнеркәсіптік пайдалануға беру	2027-2028 жылдар	АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша), ЖИЦДМ	бөлінген қаражат шеңберінде*	республикалық бюджет*
22.	АЭС құрылысы жобаларын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың ақпараттық жүйесін енгізу	өнеркәсіптік пайдалануға беру	2027–2028 жылдар	АЭА, ҚАЭС (келісу бойынша), ЖИЦДМ	бөлінген қаражат шеңберінде*	республикалық бюджет*

Ескертпе:

* қаражат көлемі республикалық бюджеттің мүмкіндіктерін негізге ала отырып Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады;

** деректер Қазақстан Республикасының өнеркәсібіне егжей–тегжейлі талдау жүргізу қорытындылары бойынша нақтыланатын болады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

"Атамекен" ҰКП – "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы;

АЭА – Қазақстан Республикасының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі;

АЭС – Атом электр станциясы;

ЖИЦДМ – Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі;

Кешенді жоспар – Қазақстан Республикасының атом саласы үшін өндірісті жергілікті орнықтыруды дамытудың 2026–2030 жылдарға арналған кешенді жоспары;

ҚАЭС – "Қазақстандық атом электр станциялары" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

ҚМ – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

МАГАТЭ – Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік;

ОЕМ–өндірушісі – түпнұсқа өнімді өндіруші;

ӨҚМ – Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі;

СИМ – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

СІМ – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

ТРМК – Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті;

ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;

ЭМ – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі.